**Жалақы төлеу жөніндегі берешекке талдау жасау үшін жұмыс тобын құру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ 1998 жылғы 1 қазан N 189 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.25. N 1176 қаулысымен.

1. Жалақы төлеу жөніндегі берешекке талдау жасау және барлық меншік нысанындағы ұйымдардың оны өтеу жөніндегі мәселелерді жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жанынан мына құрамда жедел жұмыс тобы құрылсын:

Радостовец Николай Владимирович — Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, жетекші<*>

**Жұмыс тобының мүшелері:**

Қайырбеков Қайрат Құзайырұлы — Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті төрағасының бірінші орынбасары<*>

Константинов Анатолий Васильевич — Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары (келісім бойынша)<*>

Қынатов Марат Полатұлы — Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Инвестициялық саясат және мониторинг департаментінің директоры<*>

Смайылов Әлихан Асханұлы — Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің төрағасы<*>

Нұрпейісов Қайрат Айтмұхамбетұлы — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі<*>

Коржова Наталья Артемовна — Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі<*>

Абдулина Н.К. — Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Уәйісов М.К. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары

Молдажанов Р.К. Қазақстан Кәсіподақтары федерациясы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Соломин Л.З. Қазақстан Ерікті кәсіподақтары конфедерациясының президенті (келісім бойынша)

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.22. N 13 өкімімен .

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері осыған ұқсас мәселелерді шешу мақсатында ұсыныстар әзірлеуі үшін аумақтық жұмыс топтарын құрсын және заңдарда белгіленген тәртіппен барлық меншік нысанындағы ұйымдардың жалақы төлеу жөніндегі берешектерін жою бойынша шаралар қабылдасын.

3. Жұмыс тобының жетекшісі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ай сайын, әр айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне атқарылған жұмыс туралы хабарлап отырсын.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК